**ЦИКЛОГРАММА**

*Бірінші апта (2-6 қазан 2017 ж.)*

**№12 «Бәйтерек» бөбек-бақшасы «Гүлдер» ортаңғы топ**

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»
Тақырыпша «Ата-аналар еңбегі»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтерінкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Үстел-үсті ойыны: «Менің отбасым» Мақсаты:Отбасының мүшелерін атау. | Құрылыс ойындары «Үй жиһаздары», «Қуыршақтарға үй құрастырамыз». | Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау. | Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру . | Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу. |
| **Таңертеңгі гимнастика (5 мин)** | **Жіппен жаттығу** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ойын- жаттығу: Мөлдір, мөлдір су, су бетімді жу. | | | | |
| **Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер» **Мақсаты:** Балалардың жануарлар туралы білімдерін бекіту. | «Мен қайда және кім болып жұмыс істеймін» **Мақсаты:** балаларға мамандық туралы түсінік беру | «Менің отбасым» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру **Мақсаты:** балаларға отбасы туралы әңгіме құрды үйрету. | Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу **Мақсаты:** үлкен – кішіге қамқор жасауды дамыту. | Сөздік ойын «Қимылын көрсет» **Мақсаты:** Балалардың зейінің,назарын дамыту. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **1.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** 1. Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып. 40-50 метрге жүгіру. Басқа қап киіп. заттарды аттап өту. бұрылу. 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру. **2.Жаратылыстану.** **Мақсаты**: Жыл мезгіліндегі маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне бақылау жасау **3. Музыка** **Мақсаты:** Аспаптық пьесалардың карама-карсы әуендерін қабылдауға. әнді таза. түсінікті. көңілді айтуға. музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен | **1.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Шапшаң және баяу қарқынмен жүру және жүгіру. 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру. **2.Құрастыру.** **Мақсаты:** Қағаздан құрастыруға үйрету. қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп. бұрыштарды және тараптарды біріктіре білуге үйрету. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. **3.Вариативтік компонент.** **Мақсаты:** Балаларға ертегіні түсіндіру. сөздік қорын молайту.ертегіге деген қызығушылықтарын ояту. Қысқаша әңгімелеуге үйрету. | **1.ҚМҰҚ.** **Мақсаты:** 1 санымен таныстыру. Заттар санын салыстыруды. атауды. топта бір зат бойынша теңдік қалыптастыруды үйрету. Шеңберді басқа геометриялық пішіндерден ажырату. **2.Музыка** **Мақсаты:** Аспаптық пьесалардың қарама-қарсы әуендерін қабылдауға. әнді таза. түсінікті. көңілді айтуға. музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету Отбасы мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру. | **1.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Ойлы-қырлы тақтаймен жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1.5 м қашықтықта). **2.Көркем әдебиет** **Мақсаты:** Н.Исахметов «Әже». Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. **3.Мүсіндеу** **Мақсаты**: Меңгерген тәсілдерді қолдана отырып мүсіндеу білігін бекіту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. | **1.Сөйлеуді дамыту** **Мақсаты:** Барлық дауысты және дауыссыз дыбыстардың сөйлемде анық. таза. әрі түсінікті айтуға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Отбасы. отбасындағы тұрмыс туралы айтып беруге үйрету. **2.Сурет салу** **Мақсаты:** Менің отбасым». Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Техникалық дағдылар мен біліктерді игерту. **3.Вариативтік** |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жауап беруге үйрету Отбасы мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру, | | | | **компонент** **Мақсаты:** а) Менің достарым туралы түсіндіру; ә) Досқа байланысты нақыл сөздер айту арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту; б) досты қадірлеуге тәрбиелеу. |
| **еруен:** | Серуенге қызығушылық тудызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.<br>**Бақылау:**Жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты:**Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>**Еңбек**:Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Мақсаты:**Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>**Жеке жұмыс:** Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)<br>**Мақсаты:**Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арртыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын:** «Айгөлек-ау айгөлек».<br>**Мақсаты:**Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**Қимылдық ойын:** «Сұр қоян».<br>**Ойын барысы:**Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:<br>Бармақ болып тоғайға сұр көжек,<br>Жуынып жатыр бүгжеңдеп: | | | | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тұмсығын жуды,<br>Құйрығын жуды,<br>Құлағына жуды-түртінді,<br>Құп-құрғақ боп сүртінді.<br>Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын аяқталады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.<br>2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.<br>**Тренинг:** «Қолшатыр». | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | | | | |
| **Сон** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>**Ойын- жаттығу :**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамактануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | Үстел үсті театры<br>«Менің отбасым» және тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»;<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»;<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау);<br>Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | Сюжеттік рөлді ойын «Айгерімге қонаққа барамыз»<br>Балалардың қонақжайлық туралы білімдерін бекіту |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Допты лақтырып қағып алуды үйрету | Айзада мен отбасы туралы тақпақ жаттау | Кәусарға дөңгелек пішінін суреті салуға үйрету | АбдулАхатқа қайшымен жұмыс жасауды үйрету | Каринамен саусақпен сурет салу |
| Серуенге дайындық | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Балабақшамыз қалай аталады,тобымыз ше?», « Кімнің үйінде мысық бар?» | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Психологтің кеңесі::«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Балалардың қатысымы жөнінде айту |

Тексерді ҰӘ: [illegible]

Scanned by TapScanner